

## Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қарашадағы N 1128 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ресей Федерациясының "М.В.Хруничев атындағы мемлекеттік ғарыштық ғылыми-өндірістік орталығы" федералдық мемлекеттік біртұтас, кәсіпорны 86000000 (сексен алты миллион) теңге сомасына сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар "Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенінің техникалық жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды беруші болып белгіленсін.

2. "Бәйтерек" қазақстан-ресей бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасуды;

2) жұмыстарды мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*